

## **Айырбастау шарты бойынша автомобиль көлік құралдарын сатып алу (иеліктен шығару) тәртібін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 05/110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 сәуірде № 32371 болып тіркелді. Бұйрық 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 31.12.2023 дейін (осы бұйрықтың 4 т. қараныз).**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданыста болу тәртібін 4 т. қараныз**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДЫК**:

1. Қоса беріліп отырған Айырбастау шарты бойынша автомобиль көлік құралдарын сатып алу (иеліктен шығару) тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының ведомстволық қарасты үйымдарды басқару жөніндегі бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының интернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасы  
Президентінің Іс басқарушысы*

*A. Дадебаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі**

*Қазақстан Республикасы  
Президенті Іс басқарушысының*

2023 жылғы 25 сәуірдегі

№ 05/110 бұйрығымен

бекітілген

## **Айырбастау шарты бойынша автомобиль көлік құралдарын сатып алу (иеліктен шығару) тәртібі**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Айырбастау шарты бойынша автомобиль көлік құралдарын сатып алу (иеліктен шығару) тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабының 4) тармақшасының негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына берілген автомобиль құралдарын айырбастау тәртібін айқындайды.

2. Осы Тәртіpte мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) ұйымдастырушы - Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы;

2) ресми дилер - Қазақстан Республикасында өндірілген автокөлік құралдарын сатуды жүзеге асыратын занды тұлға (бұдан әрі - Дилер);

3) жұмыс органды - ұйымдастырушының көліктік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ведомствоның қарасты ұйымы.

### **2 тарау. Айырбастау рәсімін өткізу тәртібі**

3. Айырбастау рәсімін ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастырушының бұйрығымен комиссия құрылады.

Комиссия төраға мен комиссия мүшелерінен тұрады.

Комиссияның құрамына ұйымдастырушының, оның ведомстволарымен көліктік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ведомствоның қарасты ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны бес адамнан тұрады. Комиссия оның барлық мүшелері қатысқан кезде занды болып саналады.

Комиссия төрағасын ашық дауыс беру арқылы комиссия мүшелері сайлайды.

Төрағаның міндеттеріне комиссия жұмысын ұйымдастыру, отырыстарды шақыру және оларға төрағалық ету кіреді.

Комиссия хатшысы дауыс беру құқығынсыз хаттама жүргізуді және дауыстарды санауды жүзеге асыратын ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

Комиссия төрағасы күн тәртібінің әрбір тармағын талқылау нәтижелері бойынша "жақтау" немесе "қарсы" форматында өткізілетін дауыс беруді жариялады. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

Комиссия хатшысы дауыстарды санауды жүзеге асырады және алынған нәтижені жариялады. Дауыс беру нәтижесі комиссия отырысының хаттамасына енгізіледі.

Комиссия шешімдері Комиссия мүшелері қол қоятын Дилерді іріктеу қорытындылары туралы хаттамамен ресімделеді.

#### 4. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жұмыс органы беретін материалдарды, оның ішінде айырбастауға жататын автокөлік құралдарының тізбесін қарау;

2) Дилерді таңдау және ұйымдастыруышының айырбасталатын автокөлік құралдарының бағасын тәуелсіз бағалаушының бағалау нәтижесінің негізінде белгілеу туралы шешім қабылдау;

3) айырбастау рәсімін өткізуін мерзімдері мен ұзактығы туралы шешім қабылдау, бірақ үш айдан аспайды;

4) Дилерлер ұсынған құжаттар мен материалдарды қарау;

5) басқа дилерлермен салыстырғанда ең тиімді айырбастау жасау жөнінде ұсыныс ұсынған белгілі бір Дилермен айырбастау шартын жасасудың орындылығы туралы шешім шығару;

6) Дилерлерден ұсыныстар болмаған жағдайда айырбастау рәсімін одан әрі жалғастырудың орындылығы туралы шешім қабылдау.

5. Жұмыс органы Комиссия мүшелеріне алдағы отырыстарға тиісті дайындалу үшін материалдарды алдын ала жіберуді қамтамасыз етеді.

6. Ұйымдастыруыш айырбастау рәсімін өткізу туралы хабарландыруларды өзінің ресми сайтында және басқа да мамандандырылған интернет ресурстарында орналастырады.

7. Жұмыс органы Қазақстан Республикасының бағалау қызметі саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес айырбастау рәсіміне белгіленген автокөлік құралдарын тәуелсіз бағалауды ұйымдастырады.

8. Ұйымдастыруышының ауысым рәсіміне жататын автокөлік құралдарын бағалауды Қазақстан Республикасының бағалау қызметі саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізетін тәуелсіз бағалаушы жүзеге асырады.

9. Ұйымдастыруыш мұдделер қақтығысының туындардауына бақылауды жүзеге асырады және жол бермейді.

10. Жұмыс органы ұйымдастыруышының автокөлік құралдарын тәуелсіз бағалаушысы мен Дилер жүргізген бағалауын одан әрі шешім қабылдау үшін Комиссияның қарауына жібереді.

11. Дилердің жаңа автокөлік құралдарына бағалау жүргізілмейді және ағымдағы нарықтың бағалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуге

жататын салық аударымдары ескеріле отырып, Дилер айқындайтын құн бойынша қабылданады.

12. Ұйымдастыруши ұсынған қолданған автокөлік құралдарының бағалау құны Дилердің ұсынылатын жаңа автокөлік құралдарының құнынан асып кеткен жағдайда, дилер айырмашылық лимитіне сәйкес олардың құнын көрсете отырып, қосымша жабдықпен толықтыруды немесе опцияларды ұсынады.

Бұл ретте қосымша жабдықпен опциялардың жалпы жиынтығы Дилердің автокөлік құралының бір бірлігіне шаққандағы құнының 15 (он бес) пайызынан аспауға тиіс.

Ұйымдастыруши ұсынған пайдаланған автокөлік құралдарынан дилердің ұсынылатын жаңа автокөлік құралдарының құны асып кеткен жағдайда, ұйымдастыруши осы тәртіп шенберінде дилердің айырбасталатын жаңа автокөлік құралдары құнының мөлшерлестігіне қол жеткізу үшін пайдаланылған автокөлік құралдарының қосымша санын ұсынады.

13. Комиссия шешімінің негізінде ұйымдастыруши мен Дилер арасында айырбастау шарты жасалады.

Іріктеуден өткен Дилермен жасалатын айырбастау шарты негізінде ұйымдастырушиға бекітілген автокөлік құралдарын жаңа автокөлік құралдарына айырбастау жүзеге асырылады.

14. Айырбастау шартына қол қойылған күні қабылдау-беру актілерімен айырбастауды бекіту жүзеге асырылады.

15. Автокөлік құралдарын айырбастау шартында ұйымдастыруши мен Дилердің автокөлік құралдары туралы мәліметтер, оның ішінде олардың саны және ұйымдастырушиның қолданған автокөлік құралдарын бағалау нәтижелерін қоса алғанда, басқа да қажетті сипаттамалар міндетті түрде көрсетіледі.